

Кімге: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне

Автор: Тугелбаева Алия Омирзаковна, «Сәтбаев қаласы әкім аппараты»
ММ персоналды басқару бөлімінің бас маманы

Күні: 21.04.2025ж

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қоғам дамуының рухани өзегі – кітапхана

Кілт сөздер: кітапхана, оқу мәдениеті, ақпарат, білім, рухани даму, оқырман, кітап қоры, цифрландыру.

Кіріспе

Кітап – адамзат тарихындағы ең ұлы өнертабыстардың бірі. Ал осы қазынаны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, оны сақтау мен насихаттаудың басты орталығы – кітапхана. Ежелгі өркениеттерде кітапханалар білім мен даналықтың символы болса, бүгінгі заманда олар тек кітап сақтайтын орын емес, ақпараттық, мәдени және ағартушылық орталыққа айналды. Кітапханалар – ұлттың рухани деңгейін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі.

Негізгі бөлім

Сәтбаев қаласының орталық кітапханасы 1952 жылы Рудник кентінде құрылған. Кітап қоры 300 дана кітаптан құрылған, оқырмандар саны 100 ден аса болған.

1953-1958 жылдар аралығында Крестовский кентінде 4 кәсіподақ кітапханасы ашылды.

1956 жылы Никольский кентінде 5-6 мың адам тұрды, 1956 жылғы 17 қазандағы «Никольский кентіндегі жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жағдайы туралы» анықтамадан 1500 дана кітап қоры бар кітапхана болды.

1958 жылы 24 желтоқсанда бұрын кенттің 9 жатақханасында орналасқан кітапхана бөлмесін бірінші қабаттағы 23 үйге орналастыру туралы шешім қабылданды.

1962 жылы 15 тамызда «Қалада халыққа кітапханалық қызмет көрсетуді жақсарту шаралары туралы» шешім қабылданды.

Қалалық еңбек депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 1966 жылғы 23 қарашадағы шешімімен №551 қаулысы «Никольский кентінде жаппай кітапхана ашу туралы» 21-тоқсанда қаулы етті.

1974 жылы Никольский қаласында 6072 дана кітап, 1120 оқырман қорымен №18 филиал ашылды (меңгерушісі Иманғалиева Л.М.). Ол

заманауи радио таратқыш құрылғылармен жабдықталған, ойнатқыш микрокітаптарды оқуға арналған құрылғылар[1].

Никольский қаласы еңбекшілері депутаттары қалалық Кеңесінің 1975 жылғы 15 наурыздағы №64/5 Шешімімен №8 қалалық кітапхана соғыс, жазушы-публицист, жерлес Баубек Бұлқышев есімімен Орталық қалалық кітапхана болып бөлінді. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық бұқаралық кітапханалардың орталығы ретінде. Меңгерушісі Толмачева Т. А. болды. [1].

1977 жылы ОҚК ұжымы Ұлы қазанға арналған социалистік жарыстың вымпелімен және дипломымен марапатталып, «Тамаша жұмыс кітапханасы» атағы берілді. [1].

1978 жылы мемлекеттік желінің кітапханалары қызмет көрсетудің жаңа түріне - орталықтандырылған жүйеге көшті, ол жалпы кітап қоры - 258826, оқырмандар саны - 21347, кітап беру -515571, штаты - 51 бірлік болатын бір кітапхана ретінде қарастырылады. [1].

1980 жылы орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қалалық кітапхана, отбасылық оқу кітапханасы, мерзімді баспа және балалар бөлімі бар филиалдар кіреді. [1].

1980 жылы жыл қорытындысы бойынша ОКЖ облыс бойынша 2 орын алды. 1981 жылы жыл қорытындысы бойынша 1 орын. [1].

1981 жылы жүйенің үш кітапханасына «Үздік жұмыс кітапханасы» атағы берілді: Орталық балалар кітапханасы меңгеруші Н.Н.Берникова, №4 филиалдар –в.т. Шкарупа, №5 Г. С. Белкина. 1983-1985 жж. № 5 филиал екі жыл бойы осы марапатқа ие болды. [1].

1982 жылы орталық қалалық кітапхана В.И. Лениннің туғанына 110 жыл толуына орай кітапханалар қызметінің бүкілодақтық байқау – конкурсының жеңімпазы-СССР Мәдениет министрлігінің дипломымен жоғары марапатқа ие болды. [3].

1982 жылы кітапхана облыстың құрметті қонақтарын, оқырмандарын, кітапхана басшыларын шақыра отырып, 30 жылдығын атап өтеді. [1].

1991 жылы 15 қаңтарда Кочнева Галина Александровнаның басшылығымен өлкетану кітапханасы ашылды, салтанатты ашылу өтті.

1991 жылы «Кітапхана және нарық» атты облыстық кітапханашылар семинары өткізілді. [1].

1993 жылдан бастап елдегі саяси жағдайға, оңтайландыруға, экономикалық дағдарысқа байланысты кітапхана-филиалдар жабыла бастады. [1].

1997 жылы тек екі кітапхана қалды: Орталық қалалық және Весовая кентіндегі №3 филиал.

2002 жылы Весовая кентінің №3 филиалына «Орталық қалалық кітапхана" жанындағы отбасылық оқу кітапханасы мәртебесі берілді.Б. Бұлқышев Сәтбаев қ.".

2005 жылы орталықтандырылған кітапхана жүйесі мемлекеттік мекеме мәртебесіне ие болды[3].

Кітапхананың мәні мен міндеті

Кітапхана – оқырман мен білімді байланыстыратын алтын көпір. Ол адамзаттың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін, мәдени мұрасын, ғылым мен өнер жетістіктерін сақтап, қоғамға ұсынады. Кітапхана тек оқу орны ғана емес, ол – ойлану, зерттеу, ізденіс, шабыт алу орны. Кітапхана – білім алуға, ақпарат іздеуге, жеке даму мен өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беретін ашық алаң. Бұл мекеме кез келген жастағы адамның таным көкжиегін кеңейтіп, қоғамда мәдениет пен парасаттылықтың орнауына ықпал етеді. Мектеп жасынан бастап, ересек адамға дейін кітапханадан өзіне қажетті ақпаратты таба алады.

Кітапханалар әртүрлі бағытта жұмыс істейді:

- Кітапханаларда көркем әдебиет абонементі - 2,
- өлкетану бөлімі-1,
- оқу залы-1,
- Кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімі -1
- «Коворкинг» залы-1

Жасалып жатқан жұмыстар

2025 жылы Ұлытау облысы Сәтбаев қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 32 залдарды қайта құрумен күрделі жөндеу жұмыстары сәуір айынан жүргізіле бастады. Жергілікті бюджеттен 147 846,193 теңге бөлінді.

Қазіргі таңда кітапханалар заман талабына сай жаңарып келеді:

1. Цифрландыру – көптеген кітапханалар электронды кітап қорын қалыптастыруда. Оқырмандар интернет арқылы кітаптарға қол жеткізе алады.
2. Жылжымалы кітапханалар – қаланың алыс аймақтарына кітап апару арқылы ақпарат қолжетімділігін арттыруда.
3. Коворкинг және оқу залдары – жастардың еркін жұмыс істеуіне арналған кеңістіктер ашылуда.
4. Кітап көрмелері мен әдеби кездесулер – оқырман белсенділігін арттырып, автор мен оқырман арасындағы байланысты нығайтады.
5. Кітапхана түні, оқу марафоны сияқты тың жобалар арқылы кітап оқуға деген қызығушылық артып келеді.

Кітапханада мерекелік көпшілік іс-шаралар мен қатар кітап акциялары өткізіліп тұрады. «Оқитын отбасы - 2025», «Досыңды кітапханаға жаз да сыйлық ал», ««Қала оқиды» (Читает город), «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» акциялары.

Бағдарламалар.

«Рухани жаңғыру-ұлт болашағы» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Сакралды Қазақстан», «QR-стенд» құрылған. Ұлттық сананы жаңғырту, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін, ең бастысы, мемлекеттік

тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, қазақы рухымызды жаңғырту, жас ұрпақ бойына елжандылық, ұлтжандылық қасиеттерді сіңіру.

«Рухани қазына» - сыйластық дәстүрлеріне, жер мен ел тарихына, мәдениетіне қызығушылықты жаңғырту. «Кітап –рухани қазына» бағдарламасы аясында «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Қазақстан тарихы», «Жеті ғасыр жырлайды» сериясымен шыққан кітаптармен таныстыру жыл бойына ісшаралары өткізіледі.

«Ынтамен жазғы оқу» - бағдарламасының негізгі бағыты-белсенді оқырмандардың құрылымы, жазғы уақытта бастауыш сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастыру. Сонымен қатар жастарды оқуға тарту мақсатында түрлі байқаулармен, интеллектуалды ойындар, сауалнамалар өтеді.

Кітапханада өткен барлық іс-шаралар кітапхана сайтына және кітапхананың «Фейзбук», «Инстаграм», «ВК» әлеуметтік желілеріне жүктеледі. Кітапханаға қорына жыл сайын әр түрлі жанрда жаңа кітаптар түсіп тұрады.

Қазіргі таңда кітап қоры 65656, қазақ тілінде 20993 дана, оқырмандар саны 6200. Кітапханада оқу залы, абонемент бөлімі, өлкетану бөлімі оқырмандарға қызмет көрсетеді.

Қорытынды.

Кітапхана – өткен мен бүгінді, болашақты жалғайтын рухани көпір. Ол – елдің мәдениеті мен білімінің айнасы. Қандай заман келсе де, кітапхана өз маңызын жоғалтпайды, керісінше, жаңарып, жаңа сипат алып, қоғамның мәдени-танымдық дамуына үлес қоса береді.

Ұсыныстар

1. Цифрлық қорды кеңейту:
 - электронды кітаптар мен аудиокітаптар қорын көбейту.
 - оқырмандар үшін арнайы мобильді қосымша жасап, үйден кітап іздеу және тапсырыс беру мүмкіндігін енгізу.
 - Жастар мен студенттерге арналған тыныш оқу бұрыштары, тегін Wi-Fi және нотбукпен жұмыс істеуге жағдай жасау.
 - QR- код жүйесін енгізу.
 - Кітапханашылардың кәсіби мәртебесін арттырып, жалақысын көтеру;
2. Инклюзивті орта қалыптастыру:
 - Көру мүмкіндігі шектеулі жандар үшін Брайль қарпіндегі кітаптар және дыбыстық ресурстармен қамтамасыз ету.
 - Арнайы пандустар мен бағыттаушы белгілер орнату.

Пайдаланылған деректер тізімі

1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты – www.gov.kz

2. Қазақстан ұлттық электронды кітапханасы – www.kazneb.kz
3. «Кітапханашы» журналы, 2024 жылғы №3 саны
4. UNESCO: World Book and Copyright Day – www.unesco.org